

Майлықент ауылдық округіне қарасты Т.Рысқұлов ауылының, Кемербастау ауылдық округіне қарасты Алғабас және Мәнтай Жәрімбетов атындағы ауылдарының, Рысқұлов ауылдық округіне қарасты Азаттық ауылының шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2008 жылғы 13 мамырдағы N 7/2-04 шешімі және Түлкібас ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 13 мамырдағы N 233 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 мамырда N 14-14-52 тіркелді

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабы 5-тармағына, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабы 3-тармағына сәйкес және Майлықент, Кемербастау, Рысқұлов ауылдық округтері әкімдерінің пікірлерін ескере отырып, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**, Түлкібас аудандық мәслихат **Ш Е Ш Т І** :

1. Майлықент ауылдық округіне қарасты Т.Рысқұлов ауылындағы "Жанкент" мөлтек ауданы орналасқан орны 61,0 га жері Т.Рысқұлов ауылының жері ретінде, Кемербастау ауылдық округіне қарасты Түлкібас поселкесінен Кемербастау ауылына баратын жолдың оң жағындағы босалқы 6,0 га жері Кемербастау ауылының жері ретінде, Мәнтай Жәрімбетов атындағы ауылдың жанындағы бұрынғы тұттың орны 0,9 га мектеп құрылысы үшін қалдырылған 2,0 га, Жанели би көшесінің оң жағындағы 3,7 га жерлері Мәнтай Жәрімбетов атындағы ауылының жерлері ретінде, Рысқұлов ауылдық округіне қарасты гараждың маңындағы 13,0 га жері Азаттық ауылының жері ретінде пайдалану үшін сызбаға сәйкес шекараларына енгізілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Қ. Нұрлыбаев

Түлкібас ауданының әкімі

Е. Сарманов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Қалдыкөзов